



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

19.06.2018-ғы № 17-8/1365 дз шығыс хаты

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2018 жылғы 23 мамырдағы
№8-11-172, ДС-108*

Құрметті депутаттар!

«Астана-Павлодар» автомобиль жолын реконструкциялау кезінде құрылған проблемалық мәселелер бойынша Ақмола облысы тұрғындарының өтінішіне қатысты Сіздердің депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Астана-Ерейментау-Шідерті» автомобиль жолының қолданыстағы жобалық 172 км (177км) екі деңгейдегі көліктік айрығын орнату мәселесіне қатысты.

«Автомобиль жолдары» ҚР ҚН 3.03-01-2013 құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес көлік айрығын орнату қажеттілігі жолдарды жобалау кезінде тиісті техникалық-экономикалық көрсеткіштермен расталады.

Негізгі автомобиль жолымен қиылысатын үнемі қолданыстағы жолдың болмауын, сондай-ақ қозғалыстың шамалы қарқындылығын ескере отырып, өтініште көрсетілген учаскеде көлік айрығын орнату экономикалық жағынан орынсыз болып табылады (*көлік айрығы құрылысының болжамды құны шамамен 1,5 млрд. теңге*).

Павлодар қаласының бағыты бойынша 7 км қашықтықта 180 км кері бағытта бұрылу мүмкіндігімен ауылшаруашылық жолы бар.

Сонымен бірге жергілікті тұрғындардың жол жүруіне қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық оператор қолданыстағы 172 км (177 км) көліктің малды айдап өту өткелі арқылы бұрылуы үшін кіреберіс жолды орнату бойынша жұмыстарды жүргізуде. Осы құрылыс ауылшаруашылық техникасын өткізу, малды айдап өту үшін жобаланған, сондай-ақ «Автомобиль жолдары» ҚНжЕ 3.03-09-2006* талаптарына сәйкес су тасқыны кезінде су өткізетін құрылыс ретінде қызмет етеді, ол автомобиль жолын күтіп ұстау бойынша өткізілетін жұмыстарының шеңберінде қысқы мезгілде тазаланады.

Су тасқыны кезінде жергілікті тұрғындардың жол жүру жағдайын қамтамасыз ету үшін көрсетілген құрылыстың екі жағында 6 км және 7 км арақашықтықта орналасқан баламалы малды айдап өту өткелі бар.

Сонымен бірге «Астана-Павлодар» автомобиль жолының жобасын әзірлеу сатысында малды айдап өту жолдары және ауылшаруашылық техникасы жүретін орындары жергілікті атқарушы органдарының ұсынысына сәйкес анықталған.

Бұлақ көзі жөнінде көтерілген мәселеге қатысты.

Инвестициялар және даму министрлігінің ақпараты бойынша 2013 жылы мамырда жобалау компаниясы өткізген инженерлік-геологиялық іздестіру жүргізу кезінде қолданыстағы 172 км (177 км) құбырдың шығу жерінде шағын су мөлшерін қоспағанда жол өтпесін орналастыру учаскесіне таяу 3 метрге дейінгі тереңдікте жер асты сулары мен бұлақ көзі анықталмаған.

Сонымен бірге жергілікті тұрғындардың өтініштеріне сәйкес Ұлттық оператор суағар арнасы болжанған орында комиссиялық түрде қазып қопару жұмыстарын өткізуді жоспарлауда.

«Кеңөткел» к. ауданындағы көлік айрығына қатысты.

Аталған айрық қолданыстағы IV техникалық санаттағы жалпы қолданыстағы қиылысатын жол болғандықтан көзделіп отыр. «Қыстау» ауданындағы ауылшаруашылық жүріп өту (жөл өтпесі) Горное, Стахановка, Балықты және т.б. жақын орналасқан ауыл тұрғындарына бұрылу мүмкіндігін ескере отырып көзделген.

Ерейментау қаласы ауданындағы көлік айрығы орналасқан учаскені реконструкциялау аяқталмағанын ескереміз, құрылыс аяқталғаннан кейін қажетті бұрылмалар қамтамасыз етілетін болады.

Баяндалғанның негізінде аталған автомобиль жолының жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес мүдделі жергілікті атқарушы органдармен келісіліп және өткізілген қоғамдық тыңдауларды ескере отырып, әзірленгенін атап өту қажет.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев